

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қытай Халық
Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы зияткерлік
меншік құқығын шекара маңы қорғау саласындағы
ынтымақтастықты нығайту жөніндегі
МЕМОРАНДУМ**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы (бұдан әрі Тараптар деп аталатын), зияткерлік меншік құқығын бұзатын халықаралық тауар саудасы ұлттық экономикаға және заңды кәсіпкерлік әрекетке залал келтіретінін, сондай-ақ тұтынушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер келтіретінін атай отырып,

әр елдің мемлекеттік органдары мен зияткерлік меншік құқығына ие тұлғалары бар үкіметтік емес ұйымдары арасында зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы тығыз халықаралық ынтымақтастықта болудың маңыздылығын және зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға қарсы күрес саласындағы екі кеден қызметінің маңызды рөлін атқаратынын мойындай отырып,

тәжірибемен және ақпаратпен алмасу зияткерлік меншік құқығын бұзуға қарсы тұруда өз септігін тигізетінін ескере отырып,

екіжақты сауда жүргізуде зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға қарсы күрес бойынша ынтымақтастық болашақта екі ел арасындағы заңды тауарлардың әкелуі мен әкетуін жеңілдететіні және жылдамдататынына сенімді болып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

**Зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы
заңнама туралы ақпаратпен алмасу**

Әр Тарап екінші Тарапқа зияткерлік меншік объектілерін ұлттық заңнама және өз мемлекеттерінің қатысуымен халықаралық шарттар туралы кедендік қорғаумен байланысты ақпаратты, сондай-ақ екінші Тараптың сұрау салуы бойынша өзекті қолданыстағы құқықтық актілер мен халықаралық шарттардың мәтінін ұсынады.

2-бап

Статистикалық деректермен және арнайы ақпаратпен алмасу

Зияткерлік меншік құқықтарының тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мынадай алмасуды жүзеге асырады:

1) Статистикалық деректермен

Тараптардың мемлекеттері арасында өткізілетін зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын алынған тауарлар туралы жыл сайынғы статистикалық деректермен Тараптар арасында келісілген нысан бойынша келесі күнтізбелік жылдың наурыз айының соңғы жұмыс күніне дейінгі мерзімге;

2) Арнайы ақпаратпен

Тараптардың өз бастамасымен, екінші Тараптың сұрау салуы бойынша зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарын бұзу белгілерін қамтитын Тараптар мемлекеттерінің аумағынан кететін немесе бара жатқан тауарларға қатысты жасалған әрекеттер туралы.

Арнайы ақпаратқа тауарлардың сипаттамасы, саны мен бағасы, кіру және шығу пункттері, жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының атауы, құқықтары бұзылған зияткерлік меншік атауы мен түрі, әкелу және әкету күні, тоқтату күндері сияқты мәліметтер кіреді, бірақ осындай көрсеткіштермен шектелмейді.

3-бап

Тәжірибемен алмасу

Осы Меморандум шеңберінде тиімді кедендік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, Тараптар өз қызметкерлерінің кездесулерін, жұмыс сапарларын ұйымдастыру жолымен тәжірибемен алмасуды жүзеге асырады.

4-бап

Құқық иелерімен ынтымақтастықты дамыту

Тараптар өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес өздерінің құзыреті шеңберінде зияткерлік меншік объектілерінің құқық иеленушілерімен зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ынтымақтасады.

5-бап**Кездесулер өткізу және нәтижелерді бағалау**

Тараптар осы Меморандумның орындалуының тиімділігін бағалау үшін Сарапшы топ құрайды.

Сарапшы топ Тараптар келіскен мерзімде кезекпен Тараптардың мемлекеттерінде кездесулер өткізеді.

Сарапшы топтың кездесуіне қатысу үшін Тараптар өзара келісім бойынша үшінші елдердің және харықаралық ұйымдардың кеден органдары сарапшыларын шақыра алады.

6-бап**Байланыс тұлғалары**

Осы Меморандумның тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Тараптар байланыс тұлғаларын тағайындайды.

7-бап**Шығыстар**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы Меморандумды іске асырумен байланысты шығыстарды көтереді. Үшінші мемлекеттердің және харықаралық ұйымдардың кеден органдарының сарапшылық кездесулеріне қатысу бойынша шығыстарды жіберуші тарап көтереді.

8-бап**Даулар**

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану бойынша дауларды Тараптар келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

9-бап**Өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға, осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап
Қорытынды ережелер

Осы Меморандум белгіленбеген мерзімге жасалады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Меморандум Тараптардың бірі дипломатиялық арналар бойынша осы Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптан жазбаша хабарлама алған күннен бастап (90) тоқсан күн өткен соң қолданысын тоқтатады.

Бейжің қаласында 2019 жылғы «11» қыркүйекте әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
үшін



Қытай Халық Республикасының
Бас кеден басқармасы
үшін

